

## Аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 412 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 4780 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 465 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 27.12.2017 № 465 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1–тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы Заңының 18-бабының 4) тармақшасына, 96-бабына сәйкес, Зырян ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес аудандық коммуналдық мүлік ж е к е ш е л е н д і р і л с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Зырян ауданы әкімінің орынбасары А. К . Б у к а т о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Зырян ауданының әкімі*

*А. Кәрімов*

Зырян ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 23 қарашадағы  
№ 412 қаулысына қосымша

## Жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық мүліктің тізімі

№ р/с	Мүліктің атауы	Мүліктің орналасқан жері	Мүліктің балансұстаушысы
1	2	3	4
1	Құрастырылған, болат құбырлар	Зырян қаласы, аудандық қазандығының аумағы	"Жылу орталығы" мемлекеттік кәсіпорны
2	Бұрынғы газды су дайындау цехтың ғимараты	Зырян ауданы, Октябрьск кенті, Калинина к-сі, 5	"Зырян ауданы Октябрьск кентінің әкім аппараты" мемлекеттік мекемесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК